

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен шекарасында кедендік бақылау ұйымдастыру жөніндегі шаралары туралы<*> Ескерту. ҚРКМ-нің 4.04.1994 ж. N 317 қаулысына қарау қажет

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 10 қараша 1993 ж. N 1109 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z914400_ сәйкес республиканың экономикалық дербестігін, ішкі нарығының қорғалуын қамтамасыз ету үшін және меншік нысандарына қарамай шаруашылық жүргізуші субъектілердің сыртқы экономикалық қызметіне мемлекеттік бақылауды жетілдіру, материалдық байлықтың заңсыз әкетілуіне жол бермеу және контрабандамен күресті күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден Бас басқармасы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Көлік министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен шекарасындағы кеден мекемелерінің тұрақты орналасатын жерін іргелес мемлекеттермен келісіп алып белгілесін және бұларды жеке құрамдармен жасақтасын. Республика шекарасы арқылы өтетін барлық көлік түрлеріне, жүктерге және жолаушыларға толық кедендік бақылау жасалуын қамтамасыз ету үшін қосымша кеден мекемелерін ашу көзделсін.

Азаматтардың шекарадан өтуі, меншік нысандарына қарамай шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық тауар түрлері мен заттарының өткізілуі Қазақстан Республикасы шекарасындағы кеден мекемелер мен кеден пункттері арқылы қамтамасыз етілсін.

Кеден мекемелерінің қызметкерлеріне кедендік бақылау аймақтарында көлік құралдарын мәжбүр етіп тоқтату, заңда белгіленген тәртіп бойынша жүктерді тексеру, барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы сыртқы экономикалық байланысқа қатысушылардан кеден органдарының құзырына кіретін мәселелерді шешу үшін бухгалтерлік, қаржылық, банкілік және басқа құжаттарды талап ету құқы берілсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіп бойынша республикамен шекаралас мемлекеттер өкілдіктерінің назарына кеден мекемелері орналасқан орынды және шекарадан өту тәртібін жеткізетін болсын.

2. Аумақтарында кеден мекемелері мен кеден пункттерін орналастыру белгіленген облыстардың, аудандардың және қалалардың әкімдері:

арнайы шешімдерімен кеден инфрақұрылымдары объектілерінің құрылысына арнап

, жер учаскелерін берсін;

кеден органдарының қызметкерлерін әсіресе Қазақстан Республикасының шекарадағы облыстары мен аудандарында бірінші кезекте қызмет тұрғын үй-жайлармен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кеден пункттері мен кеден инфрақұрылымының басқа да объектілерінің, тұрғын жайлар мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысына тапсырыс берушінің міндеті жүктелсін.

Республикада кеден инфрақұрылымын жайластыруды жеделдету үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бірінші кезекте кеден органдарының өтініші бойынша құрылысы бітпеген қоғамдық өнеркәсіптік және басқа да ғимараттар мен құрылғыларды қызмет мекемелері және басқа кеден объектілері ретінде пайдалануға өтеусіз бекітіп берсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1994-1995 жылдары кеден мекемелерінің тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысына қажетті күрделі қаржы лимитінің бөлінуін көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі кеден пункттері мен шекаралық кеден мекемелерін тұрақты байланыспен қамтамасыз етсін. 1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тапсырысы бойынша бюджет қаржысының есебінен кеден органдарының ведомстволық байланыс жүйесін құруды жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мәдениет министрлігі кеден мекемелері орналасқан жерлерде санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, өсімдік-санитарлық бақылау ұйымдастырсын, сонымен қатар мәдени бағалы дүниелердің әкетілуін бақылауға алсын.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қытай Халық Республикасымен мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттері орналасқан жерлерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің паспорт жұмысы және Виза мен тіркеу бөлімі қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мыналарды дайындап ұсынсын:

Қазақстан Республикасы кеден органдары жүйесі қызметкерлерінің атыс қарулары мен арнайы қорғану жарақтарын ұстау, сақтау және қолдану тәртібі жөніндегі Ереже жобасын;

кеден органдарының құрамында кедендік күзет пен режимдік бөлімшелер құру туралы ұсынысты пысықтап, бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыстасын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп:

тауарларды, жүктер мен өзге заттарды кеден ережелерін бұзып немесе кеден пункттеріне соқпай алып өткені үшін кінәлі заңды ұйымдар мен жеке азаматтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекарасынан ТМД-ға қатысушы елдермен шекара өткізу пункттерінен тыс жерлерден өткен азаматтарға қатысты айып шараларын белгілеу;

республика кеден органының лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасы қолданылып жүрген заңдарында Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары үшін көзделген барлық құқықтарды, жеңілдіктерді, қызмет атқару, еңбекке ақы төлеу, қызмет өткеру жылдарымен әскери атағы үшін лауазымдық жалақысына үстеме ақы төлеу тәртібі мен шарттарын қолдану мақсатында қолданылып жүрген заңдарды өзгерту туралы ұсыныстар енгізсін.

9. Кеден мекемелері қызметкерлерінің штат саны 1993 жылы

5 мың адамға көбейтіліп, биылғы жылдың соңына дейінгі еңбекақы қоры 962 млн. сом мөлшерінде болсын, ал 1994-1995 жылдары штат саны жыл сайын 2 мың адамға көбейтіліп отырсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуына қажетті бюджет қаражатын қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі